

## **В.И. ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ЕТП ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 7 қаңтар 1994 ж. N 43

Жоғары техникалық білім беруді одан әрі жетілдіру және жоғары оқу орнының ғылыми-педагогтік және интеллектуалдық әлеуетін, материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты Қазақтың Ұлттық техникалық университеті болып қайта құрылсын.

Қазақ Ұлттық техникалық университетіне әлемдік практикада қабылданған көп деңгейлі құрылым бойынша кадрлар даярлау, оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын әзірлеу, техникалық, оқулық, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер дайындап, шығаруға басшылық жасау жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қазақ Ұлттық техникалық университетімен бірлесіп, жоғары оқу орнының құрылымын, мамандықтар мен мамандандыру тізбесін, 5 студентке 1 оқытушы келетіндей қатынаспен профессорлар мен оқытушылар құрамының санын анықтасын.

Университет жанынан республиканың инженер кадрларын және жоғары оқу орындары техникалық пәндерінің оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық орталығын ашсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі Қазақ Ұлттық техникалық университетінің материалдық-техникалық оқу базасы мен халықаралық байланыстарын дамытуға 1994 жылдан бастап қаржы (оның ішінде валюталық) бөлінуін көздесін.

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Білім министрлігі Қазақ Ұлттық техникалық университетіне баспагерлік қызмет құқығын берсін және баспа кешенін жасауға қажетті көмек көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен Алматы кинотехникумы мен Алматы машина жасау техникумы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің қарауына берсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК